

Маңғыстау ауылы бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 4/67 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 желтоқсанда № 3203 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер Кодексіне сәйкес, Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Маңғыстау ауылын бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Мұнайлы аудандық мәслихатының аппарат басшысы (А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі, заңдылық, құқық тәртібі, депутаттар өкілеттілігі және әдеп жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы Г. Конысбаева).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Қазақбаев

Б. Назар

"КЕЛІСІЛДІ"

"Мұнайлы аудандық жер
катынастары бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Ә. Өтегенов

27 қазан 2016 жыл


Мұнайлы аудандық мәслихатының

2016 жылғы 21 қазандағы

№4/67 шешіміне

1 қосымша

Маңғыстау ауылын бағалық аймақтарға бөлу схемасы



БАҒАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ

АЙМАҚТАРДЫҢ №	АЙМАҚТАРДЫҢ ТҮСІ	АЙМАҚТАРДЫҢ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ
I	Көк	2.0
II	Сары	1.8
III	Қызыл	1.6

МАҢҒЫСТАУ АУЕЛЫНЫҢ ШЕКАРАСЫ

Мұнайлы аудандық мәслихатының
2016 жылғы 21 қазандағы
№4/67 шешіміне
2 қосымша

Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Маңғыстау ауылы жер аймақтарының сипаттамасы

Аймақтар №	Аймаққа енетін аумақтар	Бағалық аймақ бойынша коэффициенттері
1	Селитебтік, екі қабатты және жеке үй құрылысы салынған орталық бөлігі енетін аймақ	2,0
2	Өнеркәсіптік аймақ	1,8
3	Селитебтік, тұрғын массиві кіретін жеке тұрғын үй құрылысы салынған аймақ	1,6

Аймақтардың сипаты

1-ші аймақ - Селитебтік, екі қабатты және жеке тұрғын үй құрылысы салынған орталық бөлігі енеді. Бұл жерде негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, спорт мектебі, мәдениет үйі, байланыс үйі, кітапхана, емхана, ауруханалық қалашық, мешіт, базар, қонақ үйі, ұсақ жеке дүкендер желісі, кафелер, мейрамханалар орналасқан

2-ші аймақ - Өнеркәсіптік аймақ

3-ші аймақ - Селитебтік, тұрғын массиві кіретін жеке тұрғын үй құрылысы салынған аймақ